

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

Дәлелді медицина және клиникалық фармакология
кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Дәлелді медицинаның және дәлелді
қоғамдық денсаулық сақтаудың тарихы

Тобы :3-001 МПД
Орындаған: Нурахова Ж.
Қабылдаған: Тонкабаева Б.

ЖОСПАР

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - а) ДМ-нің даму тарихы
 - б) ДМ қолдану мүмкіншіліктері
 - в) ДМ Қазақстандағы даму тарихы
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе


- *Соңғы он жылдықта денсаулық сақтау саласында «Дәлелді медицина» бағыты зор орын алуда. Дәлелді медицина (ДМ) – бұл жеке науқасқа емдік әс-әрекеттерінің тиімділігі сапалы ғылыми зерттеулерде дәлелденген жағдайда ғана қолдану қағидасын сақтаумен ерекшеленетін медицина тәжірибесінің бір түрі.*
- *ДМ – бұл науқас мүддесіне қолдануға арналған іздеу, салыстыру, қорытындылау арқылы алынған және кеңінен таралған дәлелдерге негізделген медицина бөлігі. (Evidence -Based Medicine Working Group, 1993).*

«Дәлелді медицина» - бұл жаңа ілім емес. Бұның негізгі қағидалары Францияда 150 жыл бұрын белгіленген. “Evidence-based Medicine”, немесе “дәлелді негізі бар медицина,” (дәйектемелі медицина) түсінігін 1990 жылы Торонтоның Мак Мастер университетіндегі Канадалық ғалымдар ұсынған. Тез арада бұл түсінік әлемді шарпи бастап, әр қалаларда өзін қолдаушыларын тапты және осы қалаларда ұлттық денсаулық сақтау саласында маңызды орын алған ДМ орталықтары құрылды (Ричард К. Доубинс, 2006).

ДМ-нің даму тарихы

- 1601ж. Капитан Ланкастер, лимон шырыны цинганы болдыртпайтынын анықтады.
- 1747ж. Британдық әскери-теңіз флоты Ланкастердің қорытындысын қайталады.
- 1795ж. Британдық әскери-теңіз флотының басшылары теңізшілерге лимон шырынын беруді шешеді.
- 1865ж. Британдық Сауда флоты теңізшілерге лимон шырынын бере бастады.

- 1. Джон Сноу (17 ғасырда Лондондағы тырысқақ эпидемиясы)
- 2. Француз оташысы Листер (қолды, құралдарды, операция жасайтын аймақты, таңу материалдарын өңдеу)
- 3. Әйгілі микробиологтар мен вирусологтардың жаңалықтары.
- 4. Дәрілердің спецификалық әсер ету механизмі болуы керек. Олар белгілі бір ауру кезінде сынақтан өткізілуі керек.
- 5. Дәрінің әсер ету уақыты анықталған болуы керек.
- 6. Көп жағдайда дәрінің нәтижесі байқалуы керек.
- 7. Клиникалық сынамалар адамдарға жүргізілуі керек, себебі арыстанға немесе жылқыға жасалған сынамалар ол дәрілік препараттың адам ағзасына әсері жайында мәлімет бере алмайды



Арчи Кокран

1973ж. – ағылшын эпидемиологі Арчи Кокран (Cochrane A.L.) алғашқы рет жүйелі шолу жасап, медициналық іс-әрекеттер маңыздылығын қорытынды клиникалық тексерістер арқылы бағалау қажеттілігін және ол нәтижелерді медициналық көмек көрсету тиімділігі мәліметтерінің арнайы қорында сақталуын алғашқы рет ұсынды. Осы ғалымның атымен Бірлестік аталды. Дәлелді медицина (evidence-based medicine) - бұл науқасқа көрсетілетін көмектің тиімділігін іздеу, салыстыру және қорытындылану арқылы кеңінен таралған нақты дәлелдерге негізделген медицина бөлігі. ДМ қағидаларын білу дәрігерге көрсетілетін көмек туралы шешім қабылдауында әсер ететін көп жағдайларды сараптау арқылы сапасын жоғарлатуға мүмкіншілік береді.

- *Дәлелді медицина – бұл нақты бір науқасқа сапалы ғылыми зерттеулерде тиімділігі дәлелденген, яғни дәлелді негізі бар іс-әрекеттерді пайдалануымен ерекшеленетін медицина тәжірибесінің бір бөлігі. Өйткені қандайда тәжірибесі жеткілікті дәрігер болмасын оның білімі сан алуан клиникалық жағдайларды еркін бағалауға мүмкіншілік бермейді. Әрине, сарапшылар, пікіріне, сенімді деректер мен анықтамаларға сүйенуге болады, бірақ бұл мәліметтер әр қашанда нақты болмайды, өйткені көлемді емдеу әдістерінің тиімділігі дәлелденгеннен кейін тәжірибеге біраз уақыттан соң енеді – бұл арада қалыс қалу үрдісі алда жүреді. (Antman E.T., 1992), ал қазіргі уақыттағы биомедициналық ілімнің даму бағыты тәжірибелік медицинаға қоятын талаптары зор.*

Қазіргі уақыттағы биомедициналық ілімнің даму бағыты тәжірибелік медицинаға қоятын талаптары зор: олар:

- 1) тәжірибелі дәрігерге керекті мәліметтер сынды бағалануы қажет және*
- 2) клиникалық тәжірибеде көмек көрсету үшін қандайда болмасын іс-әрекеттер жүйелі таңдалып қолданылуы*

- *Дәлелді медицина тәжірибелік сұрақтарға жауап береді, бұл дегеніміз нақты бір науқасқа дертіне сәйкес көмек көрсету арнайы білімді талап етеді, сол көмектің тиімділігін қорытындысы ретінде физиологиялық, биохимиялық, иммунологиялық және басқада көрсеткіштерін бағалаудан бұрын клиникалық маңыздылығы жоғары жазылу, өлім қаупы, асқынулар, мүгедектік сияқты зерттеудің ақырғы нәтижелері бағалануы қажет.*

- *Жұмыс жасап жүрген дәрігерлер өздерінің клиникалық тәжірибесін жоққа шығара алмайды. Дегенмен, біз шешімізді өзіміздің көргеніміз бен сезінгенімізге ғана жүгінбей миллиондаған науқастарды емдеген мыңдаған дәрігерлердің ұжымдық тәжірибесіне негіздеуіміз қажет, яғни дәлелденген шараларды қолдану, өйткені ежелде Луи Пастер айтып кеткен: «ғылым ұлт, аймақ және қаламамен шектелмейді».*

- *Дәлелді медицина – бұл медициналық көмек және жалпы денсаулық сақтау жүйесі сапасын жоғарлатуда тіршікті маңыздылығы бар үдемелі дамып келе жатқан медицина бағыты.*
- *ДМ қағидаларын денсаулық сақтау жүйесіне еңгізудің негізгі мақсаты – медициналық көмек сапасы қатерлігін төмендету, тиімділігін жоғарлату, құнын пайдалы ету және басқада маңызды қырларын бірыңғайлау.*

Дәлелді медицина қағидаларын оқыту мен меңгеру

қажеттілігі бірнеше жағдайлармен байланысты, олар :

- *-1) ғылыми мәліметтер көлемінің көбеюі, әсіресе клиникалық фармакологияда – жыл сайын клиникалық тәжірибеге жаңа препараттар енеді, бірақ олардың клиникалық сынақтарының қорытындылары әртүрлі, ал кейбіреулері қарама-қарсы болып келеді;*
- *2) денсаулық сақтау жүйесіне жұмсалатын қаржының тапшылығы– бұл жағдайда көлемді дәрілік заттар ішінен тиімділігі жоғары және қатерлігі төмен дәрілерді таңдап алу қажет;*
- *3) дәрігерлер мен орта буынды қызметкерлердің жасап жатқан іс-әрекеттерінің 20% ғана клиникалық сынақта дәлелденген;*
- *4) көмек шарасының қатерлігі немесе қажетсіздігі дәлелденсе де ол жылдар бойы қолданыла беріледі;*
- *5) тиімді шаралар міндетті түрде іске аспай жатыр.*

Дәлелді медицина – бұл

1) жеке тәжірибенің;

***2) жүйелі шолулардан алынған үздік, сыртқы
клиникалық дәлелдердің және***

3) науқас үмітінің бірлесуі.

ДМ қағидалары

- Ғылыми мәліметтерді жинауында, сараптауында, қорытындылау мен дұрыс қолдануындағы жаңа әдіс, бағыт;
- Қазіргі уақыттағы жетістіктерді жауапкершілікпен, түсінікті және мағыналы негізі бар шын пейілмен пайдалану, яғни жеке тәжірибе мен жүйелі шолулардан алынған (сырттан) жоғары дәрежелі дәйектемелерді біріктіріп нақты белгілі әр бір жеке науқасты емдеуге қолдануды қарастыру

ДМ қағидаларын денсаулық сақтау тәжірибесіне еңгізудегі негізгі мақсат – бұл медициналық көмек көрсету сапасын қатерсіз, тиімді, құндылығы мен басқада мағыналы жақтарынан жақсарту

ДМ қолдану мүмкіншіліктері

ДМ қағидаларын денсаулық сақтау тәжірибесінде қолдану мүмкіншілігі мол:

- Фармакотерапияның барлық саласында нақты мәліметтерді қолдануға мүмкіншілік туғызады;
- Дәрігердің шешім қабылдауында негізделетін ішкі сезімі, кәсіптік дәрежесі, беделді сарапшылар пікірі, кеңінен тараған деректемелер мен анықтамалар сияқты субъективті жағдайлар әсерін жаңа және нақты дәлелденген мәліметтер қолдану арқылы қолайлы азайту;
- Әр нақты клиникалық жағдайда қолайлы шешімді таңдауына көмек беретін тиімді, қатерсіз және үнемді, кәзіргі уақытқа сай, сонымен қатар мемлекеттік, аймақтық популяциялық, субпопуляциялық және жеке адам деңгейінде қолдануға келетін терапиялық әдістерді өңдеуге мүмкіншілік береді;

- *ДМ қазидаларын тәжірибеде қолданудың бір қыры* - бұл медициналық көмек сапасын көтеру бағытында дәрігерлерге арналған клиникалық хаттамалар дайындау және денсаулық сақтау саласына стандартизация жүйесін еңгізу.

ДМ Қазақстандағы даму тарихы

- *1995 ж., қазан – 1996 ж., мамыр – «ҚР медициналық көмек сапасы» атты бірінші құрылтайына арналып АДБЖИ оқытушылары ТМД елдерінде кеңінен тараған, бірақ басқа елдерде пайдаланбайтын екі ем түрі бойынша – жоғарғы қысымды оттегі емі және лазер сәулесі емі - мәліметтерді жинап, оларға сараптама жүргізді:*
- *-жоғарғы қысымды оттегі емі бойынша 589, лазер сәулесі емі – 1040 басылымдар табылды, бірақ бұл емдер бойынша тиімділігі мен қатерсіздігі туралы дәйекті мәліметтер табылмамады*

Қорытынды

Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасының 2005-2010 жж. «Денсаулық сақтау жүйесінің дамуы мен қайта өңделуі» туралы Мемлекеттік бағдарламада «халықаралық стандарттарға, жаңа технологияларға, қазіргі уақыт талабына сай емдеу тәсілдері мен медициналық қызмет түрлеріне жүйелі көшудің маңыздылығы көрсетілген, медициналық шараларды Дәлелді медицина қағидаларына негізделген диагностикалық пен емдеу хаттамаларын еңгізу арқылы бір тұтас ету жоспарланған».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1. Р.Флетчер, С.Флетчер, Э.Вагнер «Клиническая эпидемиология. Основы доказательной медицины», М., 2001
- 2. В.В.Власов «Эпидемиология», М., 2004.
- 3. Т.Гринхальх «Основы доказательной медицины», М., 2006
- 4. Руководство по семейной медицине. Пер. с англ..-М.,2002
- 5. Семейная медицина: руководство в 2х т..- Самара,1995.